

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Келешегіміз - ортақ жауапкершілігіміз

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.01.2026СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/186378/**Жалелова Айнур Бахтыбаевна**

Атырау қаласы, Рақуша ауылы

М. Өтемісов атындағы орта мектеп

МАД "А" сыныбы

Тәрбиеші

Сыныбы: МАД «А»**Мереке:** 25 қазан – Республика күні**Мақсаты**

- Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін тәрбиелеу.
- Қазақстан Республикасының рәміздері мен мерекелерін танып-білуге үйрету.
- Ән айту, би билеу, көрініс ойнау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: тақырып, суреттер, құрастырма қағаздар, шар, ою-өрнектер, асықтар.**Жүргізуші:**

– Армысыздар, қадірлі қонақтар!

Бүгін біз барлығымыз үшін ерекше мереке – Республика күнін атап өтеміз.

Бұл күн – біздің Отанымыздың еркіндігін, тәуелсіздігін білдіретін күн. Республика күні – еліміздің басты және жалғыз ұлттық мерекесі. Ұлттық мереке деп – тарихи маңызы жоғары, Қазақстанның мемлекеттігіне ерекше ықпал еткен оқиғаларды атаймыз.

1-бөлім: Әнұран

- Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып тұрады.
- Мемлекеттік Әнұран** орындалады (1 шумақ + қайырма).

Би. «Көк тудың желбірегені»**2-бөлім: Өлеңдер**

Балалар кезекпен сахнаға шығып, жаттаған шумақтарын айтады.

1-бала:

«Көк байрағым көгімде,
Қыран құстай желбіре.
Қазақстан – Отаным,
Жарқырай бер мәңгіге!»

2-бала:

«Кезім жоқ Отан десе шалқымаған
Болса екен жерім тыныш, халқым аман.
Туған жер тал бесігім әлдилеген
Отаным – нәрін берген алтын анам»

3-бала:

«Тілім – қазақ, қазынам,
Мақтан етіп айтамын.
Қазақстан – елімді,
Жүрегімде сақтаймын!»

4-бала:

«Республика – ұраным,
Әрқашан да жыр-әнім.
Мәңгі жасап болашақ,
Көкте шалқып қыраным!»

3-бөлім: Көрініс «Алтын шаңырақ»

- Шағын сахналық қойылым.
- Әке мен Ана (тәрбиеші немесе балалар) қолдарына шаңырақ ұстайды.

Әке:

– Балаларым, мына шаңырақ – біздің бірлігіміздің белгісі.

Ана:

– Бірлік болса – тірлік бар.

Балалар (бірге):

– Біз – Қазақстанның бақытты ұрпағымыз!

4-бөлім: Ойын «Рәміздерді тап»

Жүргізуші сұрақ қояды, балалар жауап береді:

- «Көк түсті, күн мен қыран бейнеленген – не?» → **Ту**
- «Шаңырақ бейнесі бар – не?» → **Елтаңба**
- «Мемлекеттік тіліміз?» → **Қазақ тілі**
- «Астанамыз қалай аталады?» → **Астана**

5-бөлім: «Асық ойыны»

Ер балалар асық ойнайды, қыз балалар ою құрастырады.

6-бөлім: Шығармашылық тапсырма

Балалар топқа бөлініп, **Елтаңба құрастырады** (қағаздан қиылған бөліктерден).
Әр топ шағын уақыт ішінде суретті жинап, сахнаға көрсетеді.

7-бөлім: Ән

Балалар бірге шырқайды: «*Отан анамыз*» (балаларға жеңілдетілген нұсқа).

Қорытынды

Жүргізуші:

– Бүгін біз Республика күнін атап өттік. Бұл мереке – тәуелсіз еліміздің нышаны.
Балалар, Қазақстан әрқашан бейбіт, бақытты, берекелі ел болып, көк байрағымыз биік желбірей берсін!

Балалар қолдарын жоғары көтеріп, хормен айтады:

«Қазақстан жасасын!»

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.